



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

темір, кептірілген ноқат, феррохромдар және нафталин.

Үндістаннан әкелінген импорттың ішінде дәрі-дәрмектер, шай, кофе, киім, жабдықтар, табак, цемент, шиналар және қақпақтар, аяқ киім және асшаяндар болды. [4]

Осылай, Қазақстан мен Үндістан арасындағы сауда-экономикалық қатынастар бірнеше бағыт бойынша қарқынды дәрежеде дамуда. Екі ел де осы қатынастың кеңею мен ұлғаюына үлес қосуға дайын. Егер байланыс екпінi сондай шапшаң қалса, онда жақын болашақта жаңа ірі жобалардың іске асу мүмкіндігі сөзсіз артады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы сауда-экономика, ғылым және технология салаларындағы серіктестік туралы келісім. Нью-дели, 22 ақпан 1992ж. // Қазақстан Республикасының халықар. Келісімдер бюлл. – 2003, №10
2. http://export.gov.kz/kz/page-487-ekizhakti_sauda_men_intimaktastik
3. <http://www.zakon.kz/209895-kazakhstan-peredal-indii-25-v-proekte.html>
4. <https://lsm.kz/kazakhstan-pokupaet-u-indii-lekarstva-i-krevetki-infografika>

ӘОЖ 327.7:(5-191.2)

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ САЯСАТЫ

Мәметай Мәдина Абдуллақызы

abdullaevna_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Халықаралық қатынастар факультеті,

Аймақтану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – П. Қилыбаева

Орталық Азия тарихи тұрақтылығы жағынан барлық Еуразия континентінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әлемнің маңызды геосаяси аймақтарының бірі болып табылады. Еуроодақ Орталық Азияға қатысты ұстанымдарын кеш білдіре бастады, сондықтан, ЕО-қа Орталық Азиямен ұзақ уақыттық ынтымақтастық тән емес. Дегенмен, оған бірнеше себептер бар: біріншіден, Ауғанстандағы қақтығыс пен ЕО-ның тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауы; екіншіден, 2005 – 2006 жылдардан бастап Еуроодақтың энергия ресурстарын диверсификациялау күш жігері байқалды. ЕО-ның Орталық Азияға қатысты саясатындағы негізгі мәселелер – энергетика, тұрақтылық және қауіпсіздік. ЕО-тың Орталық Азиядағы мүддесін екіге бөліп қарастырса болады:

1. Энергетика;
2. Аймақтағы тұрақтылықты сақтау.

КСРО құлаған сәттен бастап Орталық Азия (барлық посткеңестік кеңістік секілді) – «саяси Еуропаның» бір бөлігі, яғни ЕО-ң геостратегиялық қызығушылығының аясына кіретін аймақ. Барлық посткеңестік елдердің ЕҚЫҰ-на мүшелілігі осындай амалға негіз болатын бірінші себеп.

Еуропалық сарапшылардың пікірінше, Орталық Азия жер шарының барлық негізгі державалары қызығушылық танытатын бірден бір жер: солтүстіктен Ресей, шығыстан Қытай, оңтүстіктен Оңтүстік Азия елдері және батыстан Еуропа, және де, әрине, АҚШ-тың саяси қатысуы.

2007 жылдың бірінші жартысында Германия кезек бойынша ЕО Кеңесінің төрағасы мансабын иеленді. Оның төрағалығының күн тәртібіндегі басты міндеті – Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы саясатын қайта қарау және қайта тұжырымдау болды [1]. 2007 ж. маусымда ЕО Кеңесі Орталық Азия бойынша, негізінен герман тарапымен дайындалған, жаңа Стратегиялық құжатты қабылдады. Ол аймақтағы еуропалық саясаттың кемшіліктері мен оң жақтарын көрсетеді. 2007 ж. 31 мамырда дайындалған және «ЕО және Орталық Азия:

жаңа әріптестік үшін стратегия» атауын алған және 2007-2013 жж. кезеңіне есептелген құжатқа сәйкес, ЕО-ң аймақтағы мақсаттары келесілер:

- 1) Аймақ елдерінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) «Мыңжылдықтың даму мақсаты» контексті деңгейіндегі өмір деңгейін көтеру;
- 3) Орталық Азия елдері арасындағы, сонымен қатар, осы мемлекеттер мен ЕО арасындағы аймақтық серіктестікке, әсіресе, энергиямен қамтамасыз ету, транспорт, жоғары білім және қоршаған ортаны қорғау саласында барынша жәрдемдесу.

ЕО-ң стратегиялық мақсаттары және оларға жетудің тәжірибелік тапсырмалары келесідей тұжырымдалған:

- 1) Ислам радикализмі қаупіне барынша назар аудару қажет және аймақ елдеріне, әсіресе Өзбекстанға, құқық қорғау органдарын нығайту және бүкіл қауіпсіздік жүйесінің радикалдық реформаларын жүзеге асыруға көмек көрсету қажет;
- 2) Ауғанстанға және оның ОА республикаларының экономикасы мен қауіпсіздігіндегі рөліне барынша көп назар аудару қажет. Себебі, континент аралық сауда тек Ресей мен Еуропа бағытында ғана емес, барлық бағытта дамуы керек;
- 3) Анкарамен ынтымақтастық дереу нығаюы қажет, себебі, Түркияның критикалық байланыстырушы буын болу мүмкіндігі бар, сол арқылы Еуропаның алдында Орталық Азиядағы процесстерге ықпал ету мүмкіндігі пайда болар еді;
- 4) Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметіндегі және парламентіндегі реформистік күштермен ынтымақтастықты нығайтудың қажеттілігі.

Еуропалық сарапшылар ЕО-тың Орталық Азиялық стратегиясы, құжаттың көптеген бөлімдері бойынша, сәтсіздікке ұшырауы әбден мүмкін деген қорытындыға келген еді. Ал Брюсселде елеулі нәтижеге қол жеткізу және өзара сенімділікті нығайту үшін өте көп уақытты талап ететіндігін негізге ала отырып, стратегияның әсерлілігін бағалауға әлі тым ерте, сабырлықпен күту қажеттілігін айтты [2].

Еуропалық саясаткерлердің, Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ елдерінде тұрақты демократиялық және зайырлы режим орнату – Еуропаны ислам әлемінің тұрақсыз аймақтарынан алшақтататын, ерекше «қауіпсіздік белдеуін» құруға мүмкіндік беретіндігіне, шын сенуі есте қаларлық.

Жалпы алғанда, Еуропалық сарапшылардың арасында Орталық Азияның ЕуроОдақ үшін қаншалықты маңыздылығы бар екендігін түсіндіретін нақты бір ой-пікір жоқ. Әрине, ЕО елдері өз компанияларының, ең алдымен ОА мемлекеттерінен мұнай мен газдың үздіксіз тасымалдануын қамтамасыз ету үшін, аймақ ресурстарын өндіру үшін энергетикалық компаниялардың қатысуын белсенді қолдайды [4].

Шын мәнінде, ЕО 1990 жылдары алдына қойған стратегиялық мақсаттарының ешқайсысына дерлік қол жеткізген жоқ: кедейшілік жойылмады; реформаларға қарсылық басылған жоқ; адам құқығының жағдайы мен демократияның деңгейі өзінің бұрынғы қалпында қалды; ЕО-ң энергетикалық мүддесі қорғалған жоқ. ЕО-ң қауіпсіздік саласы да ілгері баспады. Ал еуропалық сарапшылар – қауіпсіздік саласында ЕО «тіссіз қағаз жолбарыс» кейіпінде емес, мықты күш ретінде өзін көрсетуі тиіс; энергетикалық саясатта Еуропа өзін сенімдірек ұстауы керек; ал демократия саласында оған барынша шынайылық көрсеткені жөн деген пікірде [5]. Онымен қоса, ЕО өз стратегиясын басқа интернационалдық акторлармен тығыз байланыстыруына болар еді, соның ішінде НАТО және ОБСЕ [6].

ЕО-ң Орталық Азиядағы стратегиясы мен саясатының практикалық жүзеге асырылуының негізгі кемшілігі ретінде – еуропалық жақындасудың концептуалдық деңгейдегі бірыңғайлығы мен ЕО-ң үйлестірілген бірыңғай саясатының, тым болмаса, ірі державалар деңгейінде де болмауында деп көреді. Оның орнына біз Берлиннің ЕО-ң стратегиялық мүддесін рәсімдеп, бірыңғай саясаттың ұқсас түрін жасап шығаруға талпынған кейде бар, кейде жоқ әрекетін көреміз. Бірақ Германия мұны жалпыеуропалық қызығушылық ретінде көрсететін өзінің жеке қызығушылығының негізінде жасауда.

Қазақстанның және басқа да Орталық Азия мемлекеттерінің ЕО-қа қатысты тактикалары мен стратегиялары туралы айтқанда, Еуропаның аймақпен ынтымақтастыққа

және ЕО пен ОА мүдделерінің ортақтығына қызығушылықтан туындайтындығына назар аудару қажет. Еуроодақты Орталық Азия табиғи ресурстардың тұрақты көзі ретінде қызықтыратыныны айтпаса да түсінікті. Сол уақытта Брюссель өзінің нормативтік құндылықтарын біздің аймаққа таратуға мүдделі. Басқа жағынан, еуропалық мемлекеттер, НАТО-ның мүшесі ретінде, Ауғанстаннан келетін қауіппен күресте маңызды рөл атқарады. Одан бөлек, ЕО Еуразиядағы АҚШ-тың үстемділігін қолдамай және аймақтағы Ресейдің рөлімен санасуға бейім болған. Соңғы уақыттағы сарапшылардың айтуы бойынша, Орталық Азияда өсіп келе жатқан Қытайдың үстемдігіне қарсы тұратын Еуроодақ болады, себебі Ресей қағажуланды. ОА елдерінің ЕО-қа қатысты позициясын құруда осы факторлардың барлығын ескерген жөн [7].

Неміс саясаткерлерінің пікірінше, Қазақстан - Орталық Азиядағы тұрақтылықтың тұғыры. Бұған Германияның федералдық сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайердің сөздері дәлел: «Қазақстанды Орталық Азиядағы тұрақтылықтың тұғыры деп бағалаймын. Біз Еуропада осындай дәрежеде болуға тырысудамыз. Атап айтқанда, Қазақстанның осы бағыттағы ұстанымы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Біз осындай негіздегі қарым-қатынасты дамытуға және бірлесіп жұмыс істеуге ниеттіміз. Қазақстан мен Германия кәсіпорындары арасындағы экономикалық қарым-қатынастар өте маңызды», - деп, 2014 ж. 10 қарашада Астанадағы Қазақстан-Германия іскерлік кеңесінің жетінші отырысында германиялық министр мәлімдеген болатын [8].

Басқа да еуропалық сарапшылардың пікірінше, ҚР-ның билік жүйесі кешенді құрылымды көрсетеді және де әр түрлі басымдылықтары бар алуан топтардан тұрады. Дегенмен де, ел билігі мемлекетті жаңартуға бағыт алып отыр, ал көпвекторлы сыртқы саясаты өзіне еуропалық бағытты да қосады, оған қоса, Қазақстан Ресей мен Қытай секілді көрші елдерден тәуелділігін азайтуға бар күшін салып жатқаны мәлім [9]. Бұл, әрине, ЕО үшін маңызды фактор болып табылады.

Қазақстан Орталық Азия елдері арасында осы аймақтағы басты қозғаушы күші бола тұрып, Еуроодақпен ерекше серіктестікке мұқтаж болып отыр. Мұндай пікірді, «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасы мен Еуропа Одағының Орталық Азия бойынша Стратегиясын іске асыру нәтижелеріне арналған «Берлин Еуразиялық клубы»-ның Брюссельдегі үшінші отырысы барысында «Eurasian Transition Group» президенті Михаэль Лаубш айтып өтті. Оның пайымдауынша, Еуроодақтың Орталық Азия бойынша қазіргі стратегиясы Еуропа Одағының барлық 27 қатысушы мемлекетінің Орталық азиялық бес республикаға (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан) қатысты жалпы позициясын көрсетеді. Алайда көршілерінен даму бойынша алға озып отырған Қазақстанға қатысты құжат жеткілікті түрде көлемді емес.

М.Лаубш мырзаның айтуынша, Еуроодақ үшін Қазақстан Түркия және Мексика сияқты елдермен бір деңгейде тұр [10].

Германия-Қырғызстан ынтымақтастығы 1992 жылы құрылған және 1998 жылы екі ел үкіметтері арасында бекітілген келісімнің артынан екі жақты қарым-қатынастар бағыт алды. Ал неміс сарапшылары Қырғызстандағы жағдайды бағалай отырып, қырғыз экономикасы әлсіз, ал елдегі салыстырмалы түрдегі белсенді өмір – ел астанасында деп есептейді. Қырғызстан үшін тауар экспорттау жолындағы қиындықтар Қазақстан мен Ресейдің Кедендік Одаққа біріккенінен кейін пайда болған еді. Елде гидроэнергетикалық потенциал бар, оларға ірі көлемде инвестиция да салынған. Бірақ та бұл секторда да ірі көлемде проблемалар бар. Десек те, Германия Қырғызстанға қазірге дейін 260 миллион евро кері қайтарымсыз жәрдемдер жасаған болатын [11]. Елдегі революциядан кейін, яғни 2005 жылдан бастап, Еуроодақ адам құқығы бойынша диалог аясында Бішкекке бірнеше талап қоюға мәжбүр болды: оппозиция мүшелерінің, тілшілердің ізіне түсуді доғару және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, т.с.с.

Ал ЕО пен Өзбекстанның қатынасына еуропалық сарапшылар қарама-қайшы пікірде. 2009 жылы қазанда Өзбекстанға қарсы соңғы санкцияның алынуы (қару сатуға тыйым салыну) қайшылықты жағдай болды. Бұл санкция 2005 ж. әндіжан оқиғасынан кейін

енгізілген болатын. ЕО-тың санкцияны алып тастауы серіктестікке дайын екендігін көрсетеді, бірақ әлі күнге дейін Өзбекстан ЕО үшін қиын серіктестерді бірі болып келеді. Ал адам құқығы саласы бойынша ЕО Өзбекстанға мынадай талаптар қоюда: түрмелерден құқық қорғаушылар мен ар-ұят тұтқындарын босату, сөз бостандығы кепілі мен БАҚ тәуелсіздігі, т.с.с.

Батыстық бақылаушылардың айтуы бойынша, Түркменстан саяси оппозицияның, сөз бостандығының өмір сүруге мүмкіндігі жоқ беделді мемлекеттердің қатарында. Жалпы, Түркменстан оқшаулану саясатын ұстанатын болғандықтан ЕО үшін бұл біраз қиындықтар тудырады. Алайда, ЕО пен Түркменстан арасында сауда және адам құқығы саласында бірқатар келіссөздер бар. Мысалы, адам құқығы саласында ЕО Түркменстанға мынадай талаптар қояды: ұжымдық жазалау тәжірибесін доғару, қамауға алынғандарың туыстарын түрмеден босату, тұтқындарды денсаулыққа зиян жұмыстарға жұмылдырудан бас тарту, ұлттық азшылықтардың дәстүрі мен мәдениетінің дамуына қолайлы жағдай жасау, т.б.

Брюссельдің пікірінше, кейбір сарапшылардың пікіріне қарамай, Тәжікстан ауқатсыз ел емес, әлсіз ел. Бұл кедей мемлекет кедейшіліктен, оған қоса, елдің алып гидроэнергетикалық потенциалына қарамай, қысқы мерзімде электр қуатының жетіспеушілігінен жапа шегуде. Одан бөлек, тұрақсыздық қаупі де төніп тұр, себебі, Тәжікстан халқының 35%-ын этникалық тәжіктер құрайтын Ауғанстаннан алыс емес орналасқан. ЕО-тың негізгі көмегі Еуропалық комиссиямен жүзеге асады. Ал негізгі мақсаттары – кедейшілік деңгейін төмендету, мемлекеттік аппараттың жұмысын қолдау. Адам құқығын қорғау саласында ЕО тарапынан Тәжікстанға қойылып отырған талаптар: азаматтық қоғам өкілдеріне тұтқындарға кіруге жол беру, бала еңбегін мақта жинауға пайдалануға тыйым салу, т.б.

Қорытындылай келе, Еуропалық Одақ пен Орталық Азияның жақын арадағы қатынасына геосаяси факторлар мен геοэконмикалық жағдай әсер ететіні анық. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: Орталық Азиядағы АҚШ-тың жаңа стратегиясы, Ауғанстандағы әскери-стратегиялық жағдайдың келешегінің күнгірттігі, Ресей мен Батыс қатынасының жағдайы, әлемдік экономикалық дағдарыс, энергетикалық ресурстардың және азықтық қауіпсіздіктің маңыздылығының артуы. Бұл факторлар Еуропа мен Орталық Азия қатынасының дамуына серпінді және позитивті әсер етуі мүмкін, немесе олардың әрі қарай тағдырында негативті әсер қалдыруы да мүмкін. Бұл қиын геосаяси жағдайда көп нәрсе акторлардың саяси еріктеріне тәуелді болады. Алайда, Еуропа мен Орталық Азияның бір-біріне деген өзара объективті қызығушылығы бар екендігіне ешқандай күмән жоқ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Туякбаева А.Б. Политика Германии в Центральной Азии. – Алматы: КазНУ, 2009. – 137 с.
2. О предыстории вопроса см.: Эшмент Б. Региональная интеграция в Центральной Азии: взгляд из Европы // Центральная Азия: состояние и перспективы регионального взаимодействия. Материалы 6-й Алматинской международной конференции по безопасности. – Алматы: КИСИ, 2008. - С. 19-24.
3. Стратегия Европейского Союза для Центральной Азии. Три года спустя. – Алматы: ФФЭ, 2010. – 243 с. EU Strategie für Zentralasien. Drei Jahre danach. – Almaty: FES, 2010. – 243 S.
4. Болгова И. В. Политика ЕС в Закавказье и Центральной Азии. Истоки и становление. - М.: Навона, 2008. - 184 с. Лаумулин М.Т. Стратегия Европейского Союза в Центральной Азии: основные этапы и цели // Казахстан в глобальных процессах (Алматы, ИМЭП). 2009. № 2. С.72-85. Малышева Д. Центральная Азия и Европейский Союз // Россия и новые государства Евразии (ИМЭМО). 2010. № II. С. 24-34. Salvagni L.A. Quel role pour l'Union européenne en Asie centrale? // Le Courrier des Pays de l'Est. 2006. No 1057, pp. 17-29. Peyrouse S. Business and Trade Relationships between the EU and Central Asia, EUCAM Working Paper No. 1, June 2009. – Bruxelles: EUCAM, 2009. – 16 p.
5. Akiner Sh. Partnership Not Mentorship: Re-appraising the Relationship Between the EU and

- the Central Asian States // The China and Eurasia Forum Quarterly (ISDP, Stockholm) 2010. Vol. 8. No. 4, pp. 17-40. Pedro Nicolás de. The EU in Central Asia: Incentives and Constraints for Greater Engagement // Great Powers and Regional Integration in Central Asia: a local Perspective. Eds. By M.Esteban and N.de Pedro. – Madrid: Exlibris Ediciones, 2009, pp. 113-135.
6. Исаев К. Актуальные вопросы взаимодействия ЕС с государствами Центральной Азии в контексте председательства Казахстана в ОБСЕ // Analytic (КИСИ). 2009. № 2. С. 5-8. Isayev K. Current Issues of Interaction between the EU and Central Asian Countries in the Context of Kazakhstan's Chairing of the OSCE // Central Asia's Affairs (Almaty, KazISS). 2009. No 2, pp. 3-4.
7. Laumulin M.T. The EU and Central Asia: the View from Central Asia // Central Asia's Affairs (Almaty, KazISS). 2009. No 4., pp.20-24. Laumulin M.T. Central Asia in the foreign Policy Strategy of the European Union // New Europe (Brussels). Special Report: Kazakhstan. 2010. No 878, pp. 20-21.
8. Kazinform – халықаралық ақпарат агенттігінің ресми сайты: http://www.inform.kz/ru/kazakhstan-ortalyk-aziyadagy-turaktylyktyn-tugyry-gfr-sim-basshysy_a2715241 – 2014 ж. 10 қараша.
9. Le Kazakhstan: Partnaire Stratégique de l'Europe // Diplomatie. Affaires Stratégiques et Relations Internationales. – Paris: AREION, 2009. – 16 p.
10. Doing Busines with Kazakhstan, prepared by the Almaty office of McGuireWoods LLP, 5.01.2010.
11. <http://www.trt.net.tr/kazakh/ieuraziia-tynysy/2016/07/30/giermaniia-kantslierinin-k-yrg-yzstan-sapary-540757>
12. Политические и экономические интересы Германии в Казахстане и Центральной Азии. – Алматы: КИСИ, 2010. – 132 с. Путь в Европу: модель сотрудничества ЕС и Центральной Азии. – Алматы: КНУ, 2010. – 176 с. 37

УДК 327(574+519.5)

СОТРУДНИЧЕСТВО МЕЖДУ РЕСПУБЛИКОЙ КАЗАХСТАН И РЕСПУБЛИКОЙ КОРЕЯ

Нұрбапа Мәлика Нұрғанатқызы

makosa_m94@mail.ru

магистрант кафедрасы Регионоведение

факультета Международные отношения ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Научный руководитель – Л. Нурсултанова

Казахстан – это демократическое, светское, унитарное государство, высшие ценности которого – это человек, его жизнь, права и свобода. Внешняя политика Казахстана основывается на концепции многовекторности. Многовекторность по словам Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева: «...развитие дружественных и предсказуемых взаимоотношений со всеми государствами, играющими существенную роль в мировых делах и представляющими для нашей страны практический интерес. Казахстан, в силу своего геополитического положения и экономического потенциала, не вправе замыкаться на узкорегиональных проблемах. Это было бы непонятно не только нашему многонациональному населению, но и всему мировому сообществу. Будущее Казахстана – и в Азии, и в Европе, и на Востоке, и на Западе. Проводя именно такую политику, мы сможем исключить какие-либо проявления угрозы безопасности Казахстана. Мы сможем укрепить благоприятные внешние условия экономическим и политическим преобразованиям в нашей стране» [1].

В современном глобализирующемся мире политическое, экономическое и культурно-гуманитарное сотрудничество Казахстана и Кореи получает все большую актуальность.